

БЕС БАСТАМАНЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ САЛАСЫНА ҚОСАТЫН ҮЛЕСІ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ағымдағы жылдың наурыз айындағы «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты үндеуінде Қазақстанды әлемдік деңгейдегі білім орталығына айналдыру қажеттігіне баса назар аударған. Әлемдік озық тәжірибелерді талдап, таразылай отырып жасалған, Қазақстандағы білім беруді дамытуға арналған «Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту» атты үшінші бастамасы – жоғары оқу орындарының қызметін жоғары білім берудің әлемдік үлгісіне сәйкестендіріп, білім деңгейін озық технологиямен жетілдіру, оқытушылардың мәртебесін көтеру, білім алушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту қажеттігін қамтыған маңызды құжат.

Әлемнің дамыған елдеріндегі оқу орындарының деңгейінде болу үшін жоғары білікті кадрларды даярлау, педагогикалық ғылымның ілгері бағыттарын жетілдіру, ғылыми зерттеулердің бәсекелестігін халықаралық үрдіске сәйкестендіру қажет. Әлемнің жетекші университеттерімен, стипендиалды бағдарламалармен, білім-ғылым ұйымдарымен тиімді әрі тұрақты байланыс орнатып, дамыту, іздестіру бағыттарының әрдайым жүйелі жүргізілуі – басты мақсат болса, еліміздегі озық оқу орындарының саны мен сапасы өседі. Бұл тұрғыда, жоғары білім берудің Еуропалық кеңістігін құраушы дамыған елдердің ұстанымы – Болон декларациясының қағидаларын басшылыққа алу керек. Бұл қағидаларға азаматтардың білім алуына оңтайлы жағдай жасау, жоғары білім берудің әлеуметтік бағыттылығын жүзеге асыру, жоғары білім беруде бәсекеге қабілеттілікті арттыру, бакалавриат-магистратура-докторантура сатыларынан тұратын өзара сабақтас академиялық білім беру жүйесін қалыптастыру, оқыту үдерісін кредиттік технология негізінде ұйымдастыру, оқу бағдарламаларының

мазмұнын жетілдіре отырып, білім алушылардың академиялық ұтқырлығын қалыптастыру т.б. жатады. Бұл қағидалардың барлығы өзара байланыста жүзеге асырылуы тиіс. Білім алушылардың академиялық ұтқырлығына қол жеткізу үшін – Еуропалық жоғары оқу орындар қауымдастығының негізгі талаптары саналатын жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын өзара үйлестіру керек. Ал «академиялық ұтқырлық» деген – не? Бұл – еліміздегі кез келген жоғары оқу орнында оқып жатқан білім алушының оқу орнын, оқу бағдарламасын, профессор-оқытушыны еркін таңдауына мүмкіндік беру, оқу кезеңінің аралығында білім алушының белгілі бір оқу бағдарламасын еліміздегі немесе шетелдегі жоғары оқу орнында игеруге жағдай жасау.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі еліміздегі жоғары оқу орындарында білім алушылардың академиялық ұтқырлығын жүзеге асыруға ерекше ден қойып отыр.



Болон декларациясына қол қойған мемлекеттер арасындағы жоғары білім беру бағдарламаларының өзара үйлесімділігі, кредиттерді есептеудің бір жүйеде болуы білім алушылардың академиялық ұтқырлығына жол ашды. Болон декларациясына қосылған алғашқы мемлекеттердің бірі ретінде Қазақстанның жоғары білім жүйесінде академиялық ұтқырлықты қалыптастыру мүмкіндігінің ауқымы кеңейе түсуде.

Қазіргі таңда білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттыру үшін Қазақстанның тұңғыш педагогикалық оқу орны – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде білім алушыларға төрт жылдың ішінде кәсіби білім берумен қатар қарапайым тұрмыстық деңгейдегі шет тілді

меңгертуден кәсіби деңгейдегі шет тілді меңгертуге баса назар аударылуда.

Яғни, 2019 оқу жылынан бастап жартылыстану бағытындағы ағылшын тілінде оқытылатын химия, физика, биология, информатика пәндері шет тілде меңгертуге негізделіп, білім алушылардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыратын болады. Ал аталған пәндерді оқытатын оқытушыларға арнайы тіл курстары ұйымдастырылып, біліктілік деңгейлерін көтеру бойынша жұмыстар жүргізуде. Бұл – университетіміз үшін үлкен жетістік.

Тілдік деңгейді жетілдірудің академиялық ұтқырлық бағытына қосатын үлесі зор. Бұл – білім алушының академиялық ұтқырлығын жүзеге асыруға бағытталған негізгі қадам. Өйткені кәсіби ағылшын тілін еркін меңгерген білім алушыға академиялық кезеңде шетелде білімін шыңдау барысында қиындық туындамайтын болады. Оқу бағдарламаларының мазмұнын анықтауда жоғары оқу орындарының академиялық еркіндігі кеңейтілді. Яғни, жоғары оқу орындары білім алушыларының академиялық білім алмасуы кезінде оқу бағдарламаларын таңдауына мол мүмкіндік береді.

Бүгінде университетімізде шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлесе отырып, шетелдік жоғары оқу орындарының білікті мамандарын шақырту арқылы академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру шараларын түрлендіру бағытында бірқатар

жұмыстар атқарылып, білім алушыларымыз қос дипломды білім алу мүмкіндігіне ие болды.

Бүгінде озық тәжірибе алмасу, студент алмасу, халықаралық стандартқа сәйкес оқу бағдарламаларын жаңарту, көптеген білім саласындағы басқа да мақсаттар бойынша университетте бірқатар келісімшарттар мен меморандумдар жасалып, іске асырылуда. Осы бағытта университетіміздің Қазақстан және Қытай арасындағы білім, тәжірибе алмасу, ынтымақтастық орнатып, дамыту бойынша Қытайдағы шетелдік студенттер қауымдастығының қазақстандық елшісі, университетіміздің Қытай мемлекетіндегі оқу орындарымен байланысына жауапты қызметкер ретінде өз үлесімді қосып келемін. Білім алушыларымызға қытай тілін меңгертумен қатар студенттеріміздің білімін шыңдауда қолдау көрсету – мен үшін үлкен жетістік.

Қытай жоғары оқу орындарымен келісімшарт жасап, жыл сайын студент алмасып, қос дипломдық бағдарламамен 8 магистрант Қытай мен ҚазҰПУ-дың магистрлік дипломдарын алды, 2017-2018 оқу жылының 1- семестрінде Юесюу шет тілдері университетіне 5 студент, 2-семестрде 6 студент, Санья университетіне (Sanya University) 4 студент, 2-семестрде 2 студент білімдерін шыңдап келді. Жыл сайын 15-20 студент Қытай

еліндегі жоғары оқу орындарына білімдерін шыңдауға жіберіліп отыр. Сондай-ақ биыл ұйымдастырылған қытай тілі бойынша республикалық пән олимпиасында, «Қытай тілі көпірі» атты халықаралық зияткерлік жарыста жүлделі орындарға ие болды. Қытай елшілігімен тығыз байланыс орнатып, еліміздің мәдениетін таныстыру бағытында студенттеріміз елшілік тарапынан ұйымдастырылған барлық іс-шараға қатысады, оқып жүрген елдің мәдениетімен кеңінен танысып, еліміздің дәстүрін дәріптеуде.

Заман талабына сай, жан-жақты, бірнеше тіл меңгерген мамандарды даярлау бүгінде негізгі талап болғандықтан, халықаралық байланы орнату арқылы шетелдік ЖОО-мен үздіксіз қарым-қатынасты жетілдіру қажет. Сондай-ақ адами капиталдың сапасын арттыру мақсатында Қазақстанның жоғары орны әлемнің жетекші білім беру орталықтарының озық тәжірибелерін жинақтап, іс жүзінде пайдаланатын болса, ол мемлекетіміздің білім саласындағы алдыңғы қатарлы дамыған елдермен иық тірестіре, бәсекелес ретінде ілгері жылжуға қауқарлы екенін көрсетеді.

Ф. ОРАЗАҚЫНҚЫЗЫ,
Абай атындағы ҚазҰПУ Шығыс тілдері және аударма кафедрасының доценті, PhD,
Дуниежүзілік қытай тілін оқыту қауымдастығының мүшесі

АННОТАЦИЯ ○

Доцент КазНПУ имени Абая Фариды Оразакынкызы в своей статье описывает академическую мобильность как одно из важнейших направлений процесса интеграции казахстанских вузов в международное образовательное пространство. Автор пишет, что академический обмен стал необходимой частью международной деятельности КазНПУ имени Абая. Академическая мобильность рассматривается как основная задача и инструмент Болонского процесса.

